**Түркістан облысы Қазығұрт ауданындағы «Құмтөбе» (1 учаске) кен орнында құм-қиыршық тас қоспасын өндіру бойынша тау-кен жұмыстары жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсатты алуға арналған материалдары бойынша ашық жиналыстар нысанында өткізілетін қоғамдық тыңдаулар**

# ХАТТАМАСЫ

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: *"Қызылқия ауылы округінің әкімінің аппараты" ММ.*

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: *Түркістан облысы Қазығұрт ауданындағы «Құмтөбе» (1 учаске) кен орнында құм-қиыршық тас қоспасын өндіру бойынша тау-кен жұмыстары жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсатты алуға арналған материалдары.*

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы: *Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі, "Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды* реттеу басқармасы" ММ-і.

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: *Түркістан облысы Қазығұрт ауданында орналасқан «Құмтөбе» (1 учаске) кен орны, географиялық координаттары41° 37' 26.14", 69° 26' 00.20".*

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: *Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қызылқия а.о., Қызылқия ауылы.*

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: *"KAZYGURT GROUP" ЖШС, мекен-жай: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қызылқия а., К.Әзірбаев көш., 98, БСН 251040019925, байл.тел.: +7 702 571 2370,* bak_daulet_93@mail.ru.

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: *ЖК Сыдыкова Нуржамал, мекен-жайы: ҚР, Шымкент қ., Қ.Төлеметов, көш. 69/37-35, тел: 87014438900, e-mail: nurzhamal-sydyko@mail.ru.*

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

*19.12.2025 жылы сағат 11:00 де, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қызылқия а.о., Қызылқия а., У.Сахов көшесі, 42 (әкім. ғимараты).*

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі

Көзделіп отырған қызмет бастамашысының сұрау салу хатының көшірмесі қоғамдық тыңдау хаттамасына **1-қосымша.**

Жергілікті атқарушы органдарының қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы жауап хатының көшірмесі **2-қосымша.**

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі - Тіркеу парағы қоғамдық тыңдау хаттамасына **3-қосымша**.

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

*1)Жоба бойынша құжаттамалар Бірыңғай экологиялық порталда ndbecology.gov.kz орналастырылған.*

*2) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ресми интернет ресурстарында «Қоғамдық тыңдаулар» айдарында https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru орналастырылған.*

*Бұқаралық ақпарат құралдары **4-қосымша**:*

*3) 14.11.2025 ж. №46 (8317) «Қазығұрт тынысы» қоғамдық-саяси апталық газетінде хабарландыру орналастырылды.*

*4) 2025 жылы қараша айының 13 күні «Арыс толқындары ЖШС «ART TV» телеарнасының «Анонс» айдарына жүгіртпе жолында хабарландыру орналастырылды.*

*5) Қызылқия ауылы округі әкімшілік ғимаратының аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қызылқия а.о., Қызылқия а., У.Сахов көшесі, 42 мекенжайы бойынша 1 дана хабарландыру ілінген. Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі.*

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Хатшы ретінде бір ауыздан бас маман заңгер Сейілхан Есбол , сайланды: "қолдаймын"-20, "қарсымын"- 0, "қалыс қаламын ".

Қоғамдық тыңдаудың регламенті қатысушылармен бірге бір ауыздан бекітілді: "қолдаймын"-20, "қарсымын"- 0, "қалыс қаламын"-0 .

Түркістан облысы Қазығұрт ауданындағы «Қазығұрт» кен орнында құм-қиыршық тас қоспасын өндіру бойынша тау-кен жұмыстары жоспарына қосымша» жобасының әсер етуге экологиялық рұқсатты алуға арналған материалдарымен танысу- *ұсынылған ереже 10 минут*. Сұрақ-жауап. Барлық тілек білдірушілер баяндамашыға сұрақтар қойып, жоба бойынша өз пікірлерін

айта алады - *усынылған ереже 15 минут.* Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау және жабу - *усынылған ереже 5 минут.*

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер: *Сыдыкова Н.А.- жобалаушы. Баяндаманың тақырыбы: Түркістан облысы Қазығұрт ауданындағы «Құмтобе» (1 учаске) кен орнында құм-қиыршық тас қоспасын өндіру бойынша тау-кен жұмыстары жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсатты алуға арналған материалдары. Баяндаманың мәтіні 3-парақта* **5-қосымшада**.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: Қоғамдық тыңдау нәтижесінде, ауыл тұрғындары Түркістан облысы Қазығұрт ауданындағы Құмтөбе (1 участок) кен орнында құм-қиыршық тас қоспасын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарына әсер етуге экологиялық рұқсат алуға толықтай қарсылық білдірді. Сонымен қатар, жерді пайдалану мақсатына да қарсылықтарын білдірді. Себебі атадан қалған жер, бұдан да бұрын елді мекен тұрғындары жайылым жері

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17.Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы: Әкім орынбасары
(Лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы)

Ғани Рахымжан Бауыржанович _______________ 19.12.2025 ж.
(Аты-жөні) (қолы)

18. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы: Бас маман заңгер
(Лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы)

Сейлхан Ербол Нұрмұхамедұлы _______________ 19.12.2025 ж.
(Аты-жөні) (қолы)

**Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі**

| т/а № | Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушшінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ") |
|---|---|---|---|
| 1 | *Ауыл тұрғыны:* Нақты мекен жайы қай жерде кен орынның? | *Сыдыкова Н., жобалаушы эколог:* Картада көрсетілгендей Қызылқия а/о аумағына қарасты жерде орналасқан, кен орыннан батысқа қарай Ынталы, Қызылқия ауылдары орналасқан | Алынды |
| 2 | *Құрманбаев Садық, ауыл тұрғыны:* Кен орынның Қызылқия елді мекеніне пайдасы барма жоқпа, қарабасты бір адамның пайдасы ма? | *Сыдыкова Н., жобалаушы эколог:* Кен орынның ашылуындағы пайдасы жаңа жұмыс орындарының пайда болуы, жергілікті бюджеттің салық төлемдері есебінен көбеюі | Алынды |
| 3 | *Әкімбеков Рүстем, ауыл тұрғыны:* Ол жерлер жайылым жерлер, ешқандай зияны тимейді деп отырсыз, биыл Қызылтан ауылы жағынан карьерден тас тасыды, сіздердің карьерлеріңіз болса керек, қазыр сол жолдан көліктер жүре алмайды, 263 га суармалы жерлер бар, кен орынды ашқан соң ақаба су каналға бармайтын | *Тұрғараев Б., "KAZYGURT GROUP" ЖШС-өкілі:* Кен орынның жері жеке-меншіктегі жер, жалпыға ортақ ауылдың жері емес, алдағы уақытта жердің нысаналы мақсатын өзгертеміз, шаңданудың әсерін болдырмау үшін ылғандандыруға 2 суару машинасын қоямыз , тас жолдың мәселесінде | Алынды жердің нысаналы мақсаты- ("қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ") |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | шығар?10 га бау-бақшам бар шаң-тозаң көтеріліп, өнім алалмай қаламыз, біз қарсымыз ол жерге? | шешуге дайынбыз, өндірілген қиыршық-тастан жолға төсеп жолды бір тегіс ұстап тұруға уәде береміз | |
| 4 | *Оразов Үкібай Ынталы елді мекенінің ауыл биі:* Сіздер көрсетіп отырған жерлер Ынталы ауылының 311 га жайылым жерлері болған, 2004 ж. бізге шешім шығып, жердің актісі берілген, 2014 ж., шешім күшін жойған, бірақ оған дейін 2006 ж., госакт үстінен құжат рәсімделген, аталған жерді кері балансқа қайтарамыз деп отырмыз<br>Дихан жерлеріне зиянын тигізеді ғой, 2024-2025 жж., карьер техникаларының қозғалысынан дихандар өнім алуын тоқтатты, қурап қалып жатыр, тұрғындар болып жекеменшікке өткен жерлерді қайтаруға арыз тастап жатырмыз, кен орын белгіленген 50 га жерге мал жайылады сол үшін қарсымыз | *Тұрғараев Б., "KAZYGURT GROUP" ЖШС-өкілі:*<br>Қыр жерлерді өндіріп, жерді тегістеп өтеміз, үлкен жолға дейінгі шығатын жолға тас төсеп таза, тегіс ұстап отыруға уәде беремін, басқа Қызылтан ауылындағы кен орындар үшін мен жауап бермеймін, елді мекеннен тұрғындарды жұмыспен қамтуға, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларғада көмектесуге дайынбыз.<br><br>*Ауыл тұрғыны:*<br>50 га жер жекеменшіктегі жерге мал бақтырасыз ба, ол жер тас ешқандай жайылым жер емес<br><br>*Алимбеков Ж.Б., "KAZYGURT GROUP" ЖШС-өкілі:*<br>Бұл жерлерде төбе болып тұрған жерлерді қырып, тегістеп алып болған соң жайылымға ыңғайлы етіп кетеміз, қазыр заң қатал барлығының салдарын жою үшін депозитке ақша салып отырамыз, сол қаражаттан кен орын тегістеледі, заңсыз жұмыс жасап жатсақ | қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жұмысты тоқтата аласыздар | |
| 5 | *Ауыл тұрғыны:* Тыңдауды жасырын ұйымдастырып отырсыздар, Ынталы ауылының тұрғындары жоқ, өтірік жиналыс болып тұр | *Сыдыкова Н., жобалаушы эколог:* Жасырын түрде ұйымдастырылған жоқ, барлығы ашық нысанда ұйымдастырылап отыр, аудандық апталық Қазығұрт тынысы газетінде 30 күн алдын хабарландыру берілді, әкімшілік хабарландыру тақтасына хабарландыру ілінді, сол кезден бері ұсыныстар мен наразылықтар болған жоқ, жер Қызылқия а/о қарасты болған соң осы жақта өткізіліп отыр, тыңдауға қызығушылық танытқан мүдделі жұртышылық қатыса алады (осы тыңдауға Ынталы ауылынанда, Қызылқия ауылынанда тұрғындар қатысып отыр, тізім қоса тіркеледі) | Алынды |

**1-қосымша**
**жоспарланған бастамашыдан сұрау хатының көшірмесі**

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)**

исходящий номер: 25091151001, Дата: 11/11/2025

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

*(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)*

Будет осуществляться на следующей территории: Туркестанская область, Казыгуртский район, Кызылкиянский с.о., с.Кызылкия

*(территория воздействия, географические координаты участка)*

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:
ТУРКЕСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ, КАЗЫГУРТСКИЙ РАЙОН, КЫЗЫЛКИЯНСКИЙ С.О., С.КЫЗЫЛКИЯ
Предмет общественных слушаний: Материалы для получения экологического разрешения на воздействие по Плану горных работ на добычу песчано-гравийной смеси месторождения Кумтобе (участок 1) в Казыгуртском районе Туркестанской области (РООС НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ).

*(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности*

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Туркестанская область, Казыгуртский район, Кызылкиянский с.о., с.Кызылкия, ул.У.Сахов, здание 42 (акимат), 19/12/2025 11:00

*(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)*

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (56 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:
Қазығұрт тынысы; телеканал Арыс толкындары ТВ

*(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)*

Туркестанская область, Казыгуртский район, Кызылкиянский с.о., с.Кызылкия, ул.У.Сахов, здание 42 (акимат)

*(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений)*

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.
В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.
В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»
""KAZYGURT GROUP"" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БИН: 251040019925), +7(702)-571-23-70, bak_daulet_93@mail.ru, ndbecology.gov.kz

Составитель отчета о возможных воздействиях: ИП Сыдыкова Н.

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

# 2-қосымша

# Жергілікті атқарушы органның жауап хатының көшірмесі

Приложение 3.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний**

исходящий номер: 25091151001, Дата: 11/11/2025

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25091151001, от 11/11/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Материалы для получения экологического разрешения на воздействие по Плану горных работ на добычу песчано-гравийной смеси месторождения Кумтобе (участок 1) в Казыгуртском районе Туркестанской области (РООС НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ). , в предлагаемую Вами 19/12/2025 11:00, Туркестанская область, Казыгуртский район, Кызылкиянский с.о., с.Кызылкия, ул.У.Сахов, здание 42 (акимат)(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

*(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").*

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

""KAZYGURT GROUP"" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БИН: 251040019925), +7(702)-571-23-70, bak_daulet_93@mail.ru, ndbecology.gov.kz

Составитель отчета о возможных воздействиях: ИП Сыдыкова Н.

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

**3-қосымша**

**Қоғамдық тындауларға қатысушыларды тіркеу парағы**

**19 желтоқсан 2025 жыл**

| № р/с | Қатысушының аты-жөні | Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы) | Байланыс телефон нөмірі | Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы) | Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Бибелов А. | Қызылқия ауд. тұр | 8775 246 70 52 | жеке | [signature] |
| 2 | Темирбаев Е. | Қызылқия ауылы | +77073604702 | жеке | [signature] |
| 3 | Алимбеков Ж. | Қызыл қия ауыл | 87073657779 | жеке | [signature] |
| 4 | Сулейов, Ж | Қызылқия | 87015469988 | жеке | [signature] |
| 5 | Ергажанова А | Қызылқия | 8-747-881-23-83 | жеке | [signature] |
| 6 | Омарбаева А. | Қызылқия | 87758655595 | жеке | [signature] |
| 7 | Қаипова Ш | Қызылқия | 87054351867 | жеке | [signature] |
| 8 | Тойшыбекова А | Қызылқия | 87053682850 | жеке | [signature] |
| 9 | Тойшыбеков Ж | Қызылқия | 87081141427 | жеке | [signature] |
| 10 | Тұтқамбаев А. | Ынталы | 87027306090 | жеке | [signature] |
| 11 | Оразалп У | Ынталы | 8776 376 78 76 | жеке | [signature] |
| 12 | Әкімбеков Р | Ынталы | 8775 971 45 30 | жеке | [signature] |
| 13 | Құрбанбаев С | Қызылқия | 8702 608 56 70 | жеке | [signature] |
| 14 | Молдақұлов О | Қызылқия | 8702 556 66 15 | жекежот | [signature] |
| 15 | Баратов Ж-А | Ақтөбе | 8702 074 54-85 | жеке | [signature] |
| 16 | Ақмырзаев, С | Қызылқ.-кия | | жеке | [signature] |
| 17 | Оразов. У. | Ынталы | 87763767878 | жеке | [signature] |
| 18 | Сиякова Н.А. | Экологт | 87014438900 | жеке | [signature] |
| 19 | Бектибекова М. | Табиғи ресур. басқ | | конф. байл | |
| 20 | Тұрлысбаев Б. | Қазығұрт. ауд.-НШС өкілі | | | |

**4-қосымша**

**Қоғамдық тыңдаулар туралы ақпарат**

**қазақ және орыс тілдерінде келесідей таратылы:**

ҚАЗЫҒҰРТ ТЫНЫСЫ

Қоғамдық-саяси апталық

Газет 1935-жылдан шыға бастады | Эл. почта: Kazigurt_tinisi@mail.ru | №46 (8317) 14-қараша, 2025-жыл

*Ақорда*

# ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ ПРЕЗИДЕНТТЕРІ БАҚ ӨКІЛДЕРІНЕ АРНАЛҒАН БРИФИНГ ӨТКІЗДІ



Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің алдында бірлескен мәлімдеме жасады. Президент Ресейге мемлекеттік сапар екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қарым-қатынасты одан әрі нығайту тұрғысынан аса маңызды деп санайды.

– Бүгін қол жеткізілген уағдаластықтар елдеріміз арасындағы сан қырлы ынтымақтастықтың табысты дамып келе жатқанын толық көрсетеді. Бұл бірегей ықпалдастық өз бағытынан айнымайды. Менің ойымша, посткеңестік кеңістіктегі екі жетекші мемлекет арасында орнаған жан-жақты байланыстың ауқымы, шын мәнінде, еуразиялық қауіпсіздік жүйесінің маңызды элементіне айналды. Бұл тұжырымдаманы бірқатар мүдделі мемлекет талқылап, зерделеуде. Ең бастысы, бізді ғасырлардан тамыр тартатын бай тарихымыз, белсенді мәдени-рухани байланыстарымыз, ортақ құндылықтарымыз, заманауи сын-қатерлерге қатысты ұқсас көзқарасымыз бен болашаққа бағдарымыз біріктіреді. Осындай берік негізге құрылған стратегиялық серіктестігіміз барлық бағытта қарқынды дамып келеді. Биыл мемлекеттеріміз үшін мәні зор бірқатар мерейтойлық дата аталып өтті. Біз Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығын лайықты деңгейде мерекеледік. Осылайша, Отанды қорғау және Ұлы Жеңіске жету жолында әлем тарихында бұрын-соңды болмаған бірліктің үлгісін паш еткен нағыз батырлар мен патриоттарды еске алып, құрмет көрсеттік. Әйгілі Байқоңыр ғарыш айлағының 70 жылдығы да айтулы оқиға болды. Бұл – ғарышты игеру ісінде ұзақ жылдар бойы ғылыми-техникалық ынтымақтастығымызды танытып келе жатқан бірегей жоба. Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы туралы шарттың 20 жылдығы – маңызды меже. Біздің құрлық арқылы өтетін әлемдегі ең ұзын шекарамыз – тату көршіліктің жарқын символы, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, екі елдің ықпалдастығы жаңа мазмұнмен ұдайы толығып келеді.

– Әлгінде ғана біз құрметті Владимир Владимировичпен бірге Қазақстан мен Ресейдің қарым-қатынасын жан-жақты стратегиялық серіктестік және одақтастық деңгейіне жеткізу жөніндегі декларацияға қол қойдық. Бұл құжаттың тарихи мәні зор. Халықтарымыз арасындағы мызғымас өзара сенім мен ынтымақтастықтың келешегі кемел екенін көрсетеді. Осы орайда екіжақты байланысты нығайтуға елеулі үлес қосқаны үшін Владимир Владимирович Путинге шынайы ризашылығымды білдіремін. Қазақстандықтар Ресей Президентін жаһандық ауқымдағы мемлекет қайраткері деп біледі әрі құрметтейді. Оның есімі әлемге мәлім және қазіргі алмағайып заманда орыс халқы мен Ресей мемлекетінің мүддесін қорғау ісінде сенім мен қажымас қайраттың символы ретінде қабылданады. Қазақстан Ресей Федерациясының өркендеуіне шын мәнінде мүдделі. Бүгінгі келіссөздер нәтижесін жоғары бағалаймын. Кездесуіміз ашық әрі сенімді рәуіште өтті және нақты пайдасын берді, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттер барлық деңгейдегі қарқынды диалогты қолдауға уағдаласқан.

– Өнеркәсіп, энергетика, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, жоғары технологиялар, цифрландыру, гуманитарлық ықпалдастық, сондай-ақ жаңа инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру мәселелеріне баса мән бердік. Күрделі халықаралық ахуалға қарамастан ынтымақтастығымыз халықтарымыздың игілігі жолында белсенді дамып келе жатқанына көңіліміз толатынын атап өттік, – деді ол.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей – Қазақстанның маңызды сауда-экономикалық және инвестициялық серіктесі саналатынына тоқталды.

– 2024 жылдың қортындысы бойынша тауар айналымы шамамен 28 миллиард долларды құрап, биылғы 8 айда 17 миллиард доллардан асты. Алдымызға екіжақты сауда көлемін 30 миллиард долларға дейін жеткізу міндетін қойдық. Ресейден Қазақстан экономикасына 27 миллиард доллардан аса тікелей инвестиция құйылды. 2024 жылы Ресейдің салған капитал көлемі рекордтық 4 миллиард долларға дейін өсіп, еліміздің ірі инвесторына айналды. Қазақстанның Ресейге құйған инвестициясы да артып, оның өзіндік құны 15 жылда шамамен 9 миллиард долларға жетті. Қазақстанда ресейліктердің қатысуымен 20 мыңнан аса компания жұмыс істейді. Бұл елімізде қызмет ететін шетелдік капиталы бар кәсіпорындардың жартысына жуығын құрайды. 175 бірлескен жоба жүзеге асырылуда. Іскерлік байланыстардың жоғары деңгейін одан әрі қолдауға және бизнес жүргізуге қажетті жағдай жасауға уағдаластық. Осы мақсатта Экономикалық ынтымақтастықтың 2030 жылға дейінгі кешенді бағдарламасы және Іс-шаралар жоспары қабылданды, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысының пайымдауынша, Ақтау қаласында Ресей Бас консулдығының ашылуы өңіраралық байланыстарды нығайтуға ықпал етеді. Бұдан бөлек, көлік-транзит саласындағы байланыстардың да келешегі зор.

– «Солтүстік – Оңтүстік», Транскаспий халықаралық көлік бағдары, «Аягөз – Бақты», «Достық – Мойынты» теміржол желілері және басқа да жобалардың мүмкіндігін кезең-кезеңімен кеңейтуге келістік. Трансшекаралық логистика инфрақұрылымын жақсарту, шекарадағы өткізу бекеттерінің жұмысын жетілдіру маңызды екенін атап өттік. «Трансалтай диалогы» перспективті бастамасын одан әрі ілгерілетуге ниеттіміз. Аталған формат Қазақстан, Ресей, Қытай және Моңғолия арасындағы тату көршілік пен өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейтетін оңтайлы алаң болады, – деді ол.

Энергетика саласындағы серіктестік келіссөз арқауына айналды.

– Соңғы жылдары бұл бағытта айтарлықтай прогреске қол жеткіздік. «Росатом» компаниясымен еліміздегі алғашқы АЭС құрылысы бойынша нәтижелі жұмыс атқарылып жатқанын атап айтқым келеді. Біз мұнай мен оның өнімдерін, көмір, электр энергиясын өндіру, тасымалдау және жеткізу бағыттарындағы серіктестікті нығайтуға келістік. Газ саласындағы ынтымақтастық перспективасын, атап айтқанда, Қазақстанның Ресеймен шекаралас өңірлерін көгілдір отынмен қамту, сондай-ақ үшінші елдерге тасымалдау мәселелерін егжей-тегжейлі талқыладық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент экономикалық байланыстар жаңа салалар есебінен ұдайы кеңейіп келе жатқанын айтты. Сапар аясында қол қойылған құжаттар елдеріміздің ғарышты игеру, атом энергиясын, арнайы экономикалық аймақтарды және креативті индустрияны дамыту бойынша айтарлықтай ілгерілеуіне мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы IT секторының болашағы зор екенін айтып, Қазақстанның бұл салада тәжірибесі мол екеніне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев халықтарымыздың бірлігін арттыруда мәдени-гуманитарлық байланыстар айрықша рөл атқаратынын жеткізді.

– Гастрольдер, көрмелер, концерттер мен спорттық жарыстар секілді іс-шаралар жиі ұйымдастырылады. Жуырда Мәскеуде Қазақстанның Ресейдегі мәдениет күндері табысты өтті. Бұған дейін мәдениет күндері аясында еліміздің өнер қайраткерлері Якутия мен Қазанға барып қайтты. Биыл мамыр айында Астанада «Қазақстан мен Ресейдің мәңгілік достығы аллеясы», ал кеше Мәскеуде «Қазақстан-Ресей достығы скверi» ашылды. Бұдан бөлек, Мәскеу көшелерінің біріне көрнекті ғалым-этнограф, Ресей армиясы Бас штабының офицері, Орыс императорлық география қоғамының құрметті мүшесі, танымал жазушы Феодор Достоевский мен белгілі ғалым Григорий Потаниннің жақын досы Шоқан Уәлихановтың есімі берілді. Мұндай жаңалықтар елдерімізде ерекше ықыласпен қабылданады. Бұл орайда Мәскеуде ашылатын Қазақ ақпараттық-мәдениет орталығының да маңызы зор, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, екі ел мәдени-гуманитарлық бастамаларға жүйелі қолдау көрсетеді.

– Елімізде Ресейдің медициналық жоғары оқу орнының өкілдігін ашу мәселесі пысықталып жатыр. Қазақстанда орыс тілінде оқытатын мыңнан аса мектеп бар. Ал оқушылардың үштен бірі орыс тілінде білім алады. Бұдан бөлек, екі елдің білім беру стандарттары ескерілген мектептер салу жобасы іске асырылады. Алматыда демеушілердің қолдауымен ресейлік танымал «Сириус» мектебінің филиалы ашылады. Қазақстанда орыс мәдениеті мен тілін ілгерілетуге тиісті назар аударылады. Бұл маңызды іске еліміздің бастамасымен құрылған Халықаралық орыс тілі ұйымы өз үлесін қосып келеді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы келіссөздер барысында өңірлік және жаһандық күн тәртібіне қатысты пікір алмасқанын жеткізді.

– Қазақстан мен Ресей көпжақты алаңдарда белсенді әрі табысты ықпалдастық орнатқан. Еуразиялық экономикалық одақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы және басқа да көпжақты құрылымдар аясында іс-қимылымызды одан әрі үйлестіруге дайын екенімізді растадық, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, тараптар стратегиялық ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге ниетті екенін растаған.

– Қазақстан-Ресей қарым-қатынасының әлеуеті зор. Бірлескен жұмыстың шет-шегі жоқ. Елдеріміз барлық салада нәтижелі ынтымақтастық орнатты. Қазақстан мен Ресей арасында шешімін таппайтын түйткіл жоқ. Бұл тараптардың жауапкершілігі мен бірлесе жұмыс істеуге құлшынысы жоғары екенін көрсетеді. Мазмұнды келіссөз жүргізіп, қонақжайлық танытқаны үшін құрметті Ресей Президентіне тағы да алғыс айтамын. Тату көршілік қатынастарымыз болашақта да стратегиялық серіктестік пен одақтастық мұратына жетелей береді деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Владимир Путин келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан мен Ресей қарым-қатынасын жан-жақты стратегиялық серіктестік және одақтастық деңгейіне дейін жеткізу жөніндегі декларацияға қол қойылғанын атап өтті.

